

**Мектеп алды даярлық «ә» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:  Абдиджалслова А.Ж

Тәрбиеші Абецова Б.К

**Білім беру ұйымы: М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ**

**Балалардың жасы : 5-6 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі : 23-27 қаңтар, 2022-2023 оқу жылы**

Күн тәртібі	Дүйсенбі 23.01.2023	Сейсенбі 24.01.2023	Сәрсенбі 25.01.2023	Бейсенбі 26.01.2023	Жұма 27.01.2023
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді еске салу. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата – анамен әңгімелесу. Ата –аналармен қарым – қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата –аналарға керекті құрал –жабдықтарды әкелуін өтіну.
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	<b>Қимылды ойын «Ұшты-ұшты»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға әуеде ұшатын заттарды ажырата алуға үйрету. <b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<b>Сюжеттік ойын «Мен дәрігер боламын»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалар бір - бірімен ойнау арқылы өздерін дәрігер сезіне алады. <b>Сөйлесуді дамыту</b>	<b>Үстел-үсті ойын «Әдемі үйшік»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады <b>Құрастыру</b>	<b>Сюжеттік ойын «Шаштараз»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалар ойын арқылы шаш киюшының еңбегін түсінеді. <b>Көркем әдебиет</b>	<b>Дидактикалық ойын «Сандар тізбегі»</b> <b>Мақсаты:</b> Сандарды тура және кері санай білуге үйрету <b>Математика негіздері</b>
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӨ)</b>	<b>Д/ойын:«Ғажайып қоржын»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды заттарды қолдарымен, сипаптиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету. <b>қажетті құралдар:</b> Ғажайып қоржын. Балалар санына сәйкес, таныс ойыншықтар.	<b>Д/ойын«Бұл қай кезде болады»</b> <b>Мақсаты:</b> Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау пысықтау тиісті белгілерін атату, тілдерін жетілдіру, танымдылықтарын, ұстамдылықтарын дамыту. <b>Қажетті құралдар:</b> Жыл	<b>Д/ойын:« Өз жұбыңды тап»</b> <b>Мақсаты:</b> Санды көру, есту және қимыл арқылы қабылдау қабілеттерін пысықтау. <b>Қажетті құралдар:</b> Цифрлар бала санына	<b>Д/ойын:«Қателесіп қалма?».</b> <b>Мақсаты:</b> Жылдам ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың күннің әр түрлі мезгілінде не істейтін туралы біліктерін нығайту. <b>Қажетті құралдар:</b> текше	<b>Д/ ойын:</b> «Гүл шоғын құрастыр». <b>Мақсаты:</b> Бақшада, далада, орманда өсетін гүлдерді дұрыс тауып, аттарын есте сақтауға үйрету. <b>Ойынның ережелері.</b> Гүлдің кімге арналғанын, Қайда

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде кұранелі сөздерді колдану. «Торғайлар мен мысық» ойыны. Педагог – «мысық», ал қалғандары «торғайлар» болады. Бөлмеде жағымды баяу әуен ойналады. «Торғайлар» алаңқайда секіріп, ұшып-қонып жүреді. Мысықтың дауысын естісімен «торғайлар» өз ұяларына ұша жөнеледі. Ұсталған «торғай» «мысық» болып ауысады. Ойын осылай жалғаса береді Балалар, біз бүгін торғайлар туралы ойынды бекер ойнаған жоқпыз. Өйткені сендерге қазір жазушысы М.Зверевтің «Су торғайы» атты әңгімесін мәнерлеп оқып беремін. Әңгімені мәнерлеп оқиды. «Су торғайы» Қыстыгүні қатты аязда таудан аққан өзеннен бу шығып жатады. Екі жағаға көкпеңбек жалтыр мұз қатады. Өзеннің тек ортасы ғана мұзсыз. Осындай кезде шыр-шыр етіп, мұз үстінде жорғалап торғай жүреді. Ол – қайқы құйрық, кішкентай қара торғай. Торғай шолп етіп ағынды суға сүңгіп кетеді. Оның мөлдір судың түбінде жорғалап,</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату.  1.Оқиғаның жүйесін сурет бойынша баянда. Анасы мен қызы нені істеп отыр? Анасы мен қызы терезеден нені көрді?  Торғайдың аузындағы не нәрсе?  Сен қыздың орнында болсаң, не істер едің?  2.Мақтадан не жасалады?  Сызып қос.  3.Жұмбақты шеш. Тау-тау ақ қар,  Ерімейді ыстықта. (Мақта)</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.  Дидактикалық ойын: «Бірінші дыбысты қайтала»(доппен). Педагог бірінші дыбысын анығырақ етіп, қандай да бір сөзді айтып, допты балаларға лақтырады, балалар бірінші дыбысты қайталап допты, педагогке кері лақтырады. (Ойынға барлық бала қатысады.)  Мысалы: рррадио(р), уууылдырық(у), ааалма(а), қққасқыр(к), мммақта(м), қққияр(к), сссағат(с), қққыс(к), ааалжапқыш(а), тттышқан(т), сссазан(с), өөөшіргіш(ө), жжжұлдыз(ж), жжжастық(ж), дддиректор(д), жжжарық(ж), шшшұлық(ш), мммектеп(м), уууыз(у), тттиін(т), қққолшатыр(к), бббақа(б), ииит(и), т.б</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. –Бүгін біз дыбыстық сызбасы салынған карточкаға сәйкес келетін сөздерді табамыз. Біз сөзге дыбыстық талдау жасауды, сөздегі дыбыстардың түрін анықтауды үйрендік. Дыбыстық талдау жасау үшін, сөздегі дыбыстарды оқып, олардың дауысты, дауыссыз екенін анықтап аламыз, буынға бөлеміз, неше дыбыс, неше әріптен тұратын анықтаймыз. Содан кейін әр дыбысты тиісті дөңгелектермен белгілейміз. Алдарындағы дыбыстық сызбаға назар аударындар, не көріп тұрсындар? Барлық торкөздер тиісті белгілермен белгіленіп тұр. Қасында сурет бар. Ненің суреті?  –Күннің суреті.  –Бұл – күн сөзінің дыбыстық сызбасы екен. Келесі дыбыстық сызбаны қарайық. Ол жерде де барлық торкөздері белгіленген екен. Енді мен сендерге екі сурет көрсетейін. Бұлар – бақ пен гүл. Дыбыстық сызба осы екі суреттің қайсысына сәйкес келеді, тауып айтындар. Бұл – бақ сөзінің дыбыстық сызбасы екен. Дыбыстық сызбаны сөзге дұрыс таңдау үшін сөздің</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b>  Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.  «Бұл неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны –Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар. Балалар атайды, неге ұқсайтынын қорытындылайды  <b>Практикалық жұмыс.</b>  Балалар  үлестірме материалмен жұмыс істейді, сопақша мен шеңбердің геометриялық фигураларын зерттейді, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табады, бұрыштары мен қабырғасы жоқ, сопақша ұзартылған, бірақ шеңбер жоқ. –Балалар, қызыл сопақшаны аламыз, жиектеріне саусағымызбен жүргіземіз. Сопақшаның бұрыштары бар ма? Қабырғалары? Сопақша</p>

	<p>тастардың ара-арасын шұқылап жүргенін анық көруге болады. Әне, ол пыр етіп қайтадан жағаға ұшып шықты. Тырнақтарының ұшына мұз қатып қалған. Оны да елең қылмастан зыр-зыр жорғалап, баяғысынша әндетумен болады. Бұл қандай ғажап құс! –Бұл құсты су торғайы дейді. Ол қысы-жазы бірдей жемін су түбінен табады.</p>			<p>неше дыбыстан тұратынын, оның нешеуі дауысты, нешеуі дауыссыз екенін біліп алу керек. Дауысты дыбыс нешеу, дауыссыз дыбыс нешеу? Сөздегі дыбыс саны, сызбадағы дыбыс санына сәйкес келе ме? Сәйкес келетін дұрыс сызбаны таңдау керек.</p>	<p>қандай фигураға ұқсайды?  Қызыл сопақшаға жасыл шеңбер салыңыз. (Фигуралар бірдей мөлшерде болуы керек.)  –Сіз не байқадыңыз?  Олар бір-бірінен несімен ерекшеленеді?  Сопақшаға ұқсас заттарды тауып, оларды атайды.  –Сопақшаға қандай заттар ұқсас?  (Сопақшаға ұқсас заттарды бейнелейтін суреттерді <b>көрсетеді.</b>)  Балалар сопақшаға ұқсайтын заттарды табады, оларды атайды.  –Енді балалар, қолдарыңызға сары тіктөртбұрышты аламыз. Жиектерін саусағымызбен жүргіземіз. Оның бұрыштары бар ма? Қанша бұрышы бар? Қабырғалары бар ма? Қанша қабырғасы бар? Тіктөртбұрыш пен шаршыны салыстырады, сұрақтарға жауап береді.  –Тіктөртбұрыш қандай геометриялық фигураға ұқсайды? (Шаршыға.) – Сары тіктөртбұрышқа бірдей өлшемдегі жасыл шаршыны саламыз.  –Бұл фигуралар несімен ерекшеленеді?  –Бұл фигуралар несімен ұқсас?</p>
--	--	--	--	---	---

					Балалар ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табады, шаршыда барлық қабырғалары тең, тіктөртбұрышта карама- қарсықабырғалары тең. Тіктөртбұрыш пен шаршының 4 бұрышы, 4 қабырғасы бар
--	--	--	--	--	--

**Үзіліс:**

<p><b>Қимылды ойын:</b> « Күн мен түн » Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. Ойын мазмұны: Балалар бірі « Күн», екіншісі « Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір-бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші « Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді.</p>	<p><b>Қимылды ойын:« Көгі-гөк »</b> Мақсаты: Шапшандыққа, ептілікке баулу. Ойын мазмұны: Тақпақ айтып, бір қызды « кемпір» етіп сайлайды. Қалғандары қаз болады. « Кемпір» шетке шығып тұрады, басқа ойыншылар қаздай тізіліп, бірінің соңынан бірі ұстап: Гөк, гөк, көгі көк, Гөк, гөк, көгі гөк. Гөк, гөк, көгі гөк,-деп қаздың жүрісіне еліктей ақырын оң мен солға шайқалып, « кемпірдің» қасына келеді. Бірінші келген балаға беріп: « Жоғалтпаңдар!»-деп тапсырады. Балалар айнала жүріп, қайтадан қаздай тізіліп « кемпірге» келеді. « Кемпір» Әлгің қайда? Қалды сайда!-деп сұрайды. Балалар бәрі бірдей. Әлгің қайда? - Қалды сайда!-деп жауап береді. Олай болса сендердің бірінді алып қаламын, деп « кемпір» балаларға бас салады. Балалар тізбегін жазбай қаша жөнелуі керек. Қолға түскен біреуін « кемпір» қасына алып қала береді. Ойын барлық балаларды түгел ұстап болғанша қайта жалғаса береді.</p>	<p><b>Қимылды ойын:</b> « Аққу-қаздар » Мақсаты: Балаларды шапшандыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. Ойын мазмұны: Алаңның бір шетіне қаздар тұратын үй белгіленеді, қарсы шетіне бақташы тұрады. Үйдің бір жақ бүйірінде қасқыр тұратын үңгір болады. Алаңның қалған жері жайылым болады. Бақташы қаздарды жайылымға қуып шығады, олар жайылып жүреді. Бақташы: Қаздар, қаздар, қаңқылдап, Барасындар қай жаққа. Қаздар: Айна көлі жалтылдап, Жатқан жасыл аймаққа. Бақташы: Біздің жерге түсе кет, Түсіп сусын іше кет. Қаздар: Сіздің жерге түсеміз Түсіп сусын ішеміз. Бақташы: Болсын онда жол жайлы! Қаздар: Бізге ол жаққа болмайды, Жолды тосып тұр сұр қасқыр. Бақташы: Олай болса, қалаған, Жақтарыңа бар аман. Қаздар қанаттарын жайып, жайылым арқылы үйлеріне ұшады, ал қасқыр үңгіршек жүгіріп шығып, оларды ұстауға тырысады. Ұсталған қаздар қасқырдың үңгіріне қарай жүреді. Бірнеше рет жүгірістен кейін қасқырдың ұстаған қаздарфын санайды. Ойын 3-4 рет қайталанады.</p>
--	---	---

**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

	<p><b>Қоршаған орта</b>  <b>Міндеті:</b> Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту          Әлемде өмір сүріп жатырмыз.          Айналаға қарасаң, бізді көптеген заттардың қоршап жатқанын білеміз, олар:неше түрлі әдемі ғимараттар, жолдар, көпірлер, ұшақ, жиһаздар және т.б.          -Бірақ айналамыздағы заттардың көпшілігі адамның көмегінсіз өздері пайда болған.          -Оларға жер мен су, ағаштар мен жануарлар, күн мен аспан жатады, оларды бір сөзбен табиғат деп атаймыз.          -Табиғаттың бір бөлігіне азық та, су да, киім де қажет емес, олар-тау-тас, ауа, ғаламшар, яғни жансыз табиғат.          -Ал енді бір бөлігі          -Балаларға әр жыл мезгіліне байланысты суреттер көрсетіледі.          Жаңды және жансыз табиғат арасында қандай байланыс бар? 1. Өсімдіктер немен тыныс алады. (ауа)          2. Өсімдіктің тыныс алатын және суды буландыратын мүшесін ата. (жапырақ)          3. Күн бізге не береді. (жарық)          Олай болса, Ағаштар, Бұталар, Шөптесіндерді бір</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру  <b>Өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады.</b>          Педагог балаларға мойынорағыштарды көзбен алдымен екеуден, одан кейін үшеуден салыстыруды ұсынады.          Жауаптың толық болуы керек екеніне назар аударады: (қызыл мойынорағыш ақ мойынорағыштан ұзынырақ, жасыл мойынорағыш қызыл мойынорағыштан қысқарырақ).          Балалар мойынорағыштардың ұзындығын өлшеу бойынша практикалық жұмысқа қатысады.          Оларды ұзындығы бойынша қалай салыстыруға болатынын кім біледі? Оларды бір-бірінің жанына осылай жақындатуға бола ма? (Қате жақындатуды көрсетеді).          Тыңдайды, бір-біріне жақындату керек деп жауап береді.          -Екеуінің шеті сәйкес келетіндей етіп жақындату керек.          -Заттың ұзындығын өлшеудің және салыстырудың басқа тәсілдері бар ма?</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b>Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.  <b>Ойын жаттығуы:</b>  <b>«Кім биік, аласа немесе тен»</b>          – Балалар, кімнің бойы биік, кімнің бойы аласа, кімнің бойы бірдей екенін қалай білесіңдер?          Топтың жартысына жұптасып тұруды ұсынады. Топтың екінші жартысы жұптарды салыстырады; одан кейін балалар орын алмастырады.          Сұрақтарға жауап береді, бір-бірімізге жақын немесе бір-бірімізге арқамызды тақап тұрамыз.</p>	<p><b>Қоршаған орта</b>  <b>Міндеті:</b> Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату  <b>Қыста ағаштар қандай күйде болады?</b>          -Жапырағы бар ма? Қыста ағаштың күйі жапырағы жоқ,бұтақтарын қырау басып тұрады.Қар қалың жауса ағаш бұтақтары иіліп сәлем беріп тұрған тәрізді болады.Ағаш басына кейбір құстар ұя салады.Жазда тоқылдақ ағаштың діңіндегі зиян келтіретін құрт-құмырсқаны тазартады.Адамдар ақтап қояды.  <b>Өлең: Ертеңгісін байқадым</b>  <b>М.Әлімбаев «Қыс келбеті»</b>          Жердің беті ақ қырау          Аққу мамық ұлпа қар,          Дәл маржан деп айтамын,          Жамылады қырқалар.          Төгілуге шақ тұр-ау,          Шымшып аяз бетінді,          Өзеніне,көліне          Ширатады етінді          Әдемі ою ойыпты,          Ағаштардың бәріне          Алқа тағып қойыпты.          Сергіту сәті:          Табиғатты сүйеміз          Қанат жаям жалма –жан          Иіліп келіп қол созам          Аяғымның ұшын</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру, қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу  <b>«Қи қоңыз» ойын-жаттығуы</b>          Еркін бағытта фитболдарды (доптарды) домалатуға жаттықтыру.          Фитболдарды зал бойымен домалатып жүреді. Доптарды қатты итермейд          Батпақ әлемі          Қимыл-қозғалыс ойыны: «Төбешіктен-төбешікке».          Ойыншылар еденге тақтайшаларды қойып, оның үстіне тұрады, сонан кейін екіншісін қояды. Осыдан кейін екінші тақтайшаға секіріп тұрады да, бірінші таяқшаны алып, оны алдыға тастайды. Осылайша залдың екінші шетіне дейін тақтайдан-тақтайға секіріп барады. «Теңіз</p>
--	--	---	--	--	---

сөзбен не деп айтуға болады.  
– Өсімдіктер  
Ендеше балалар осы орайда табиғаттағы ең еңбекқор құмырсқа туралы ертегі көріп тыңдайық.



Бір-бірінің үстіне салу техникасын қолданамыз.  
Педагог өлшеу кезінде мойынорағыштың бір ұшы сәйкес келетініне көз жеткізеді.  
Педагог балалардың өткен ұйымдастырылған оқу қызметінде заттың ұзындығын шартты өлшеуіш арқылы өлшеп үйренгенін еске түсіреді.  
Шартты өлшеуіш ретінде қағаз жолағын ұсынады.  
Балалар шартты өлшеуішті пайдаланып нәтижелерін айтады, қызыл мойынорағыш ақтан ұзынырақ, жасыл мойынорағыш ақтан қысқарырақ.

«Тең заттар» ұғымымен таныстыру.

Педагог ұзындығы мен ені тең жолақтарды әр қолына ұстап, балаларға көрсетеді.

-Қай жолақ ұзынырақ?  
Қалай тексеруге болады?  
Балалар талқылайды, өлшеу жолдарын ұсынады.

Педагог жолақтарды бір-бірінің үстіне салып, сәйкес екенін көрсетеді

шуы» ұнтаспасын тыңдайды.

**Үзіліс:**

**Қимылды ойын:**  
« Шарлармен алмасу »

**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.

**Ойын мазмұны:**

Балалар орындықтарда дөңгеленіп отырады. Тәрбиеші қатар отырған екі балаға бір-бірден шар береді де ары қарай басқаларға ауыстырады ( біреуі оңға, біреуі солға ұсынады ). Шарлар бір-бірімен екі жақтан кездескенде балалар « Соқтығысты» деген сөзбен оларды соқтықтырады. Одан кейін балалар орындарынан тұрып, дөңгелекті айналып, қарсы жаққа барады, қалғандары орындықтарынан тұрып: « Жүгірдік, жүгірдік...» деп дауыстайды. Балалар өз орындықтарына жүгіріп келіп: « Ол шарды басқа балаларға береді де ойын қайталанады.

Бұл ойынды даладағы сазды алаңда өткізуге болады, онда балалар көк шөптің үстінде отырады

**Қимылды ойын:**  
« Кішкене өзен арқылы »

**Мақсаты:**  
Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу

**Ойынның шарты:**

Ойынға бір топ (6-8 адамнан) бала тартылады. Алаңда бір-бірінен 1,5-2м қашықтықта екі сызық сызылады. Бұл өзен. Ойнаушылар сызықтың жанында-өзеннің жағасында тұрады. Олар өзеннен анық сызылған дөңгелектер арқылы аяғын суламай, тастан-тасқа секіріп өтуі керек. Дөңгелектердің арасының қашықтығы балалардың оларға бірінен-біріне секіре алатындай болуы керек. Өзеннен қатарынан 2-3 бала өтеді, ал қалғандары тәрбиешімен бірге оларды бақылап тұрады. Секіре алмай, аяғын сулап алғандары оны күнге кептіруге кетеді-орындыққа отырады. Кейін олар ойынға қайтып араласады, тәрбиеші оларды қалай болса да мақтап, жағаның екінші жағына өтуге көмектеседі.

**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті</b> - Төрт дыбысты сөзге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру <b>Дидактикалық жаттығуы:</b> «Белгі бер» Педагог балаларға ұяң (д) дыбысын басқа дыбыстармен араластырып айтады,</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> <b>Міндеті</b> - - Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). <b>«Білгенге – маржан».</b> <b>Бұл кезеңнің шарты сұрақтарға жылдам тез жауап беру керек.</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті:</b> - Эпитеттерді, салыстыруларды қолдану Педагог балаларға әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар қояды. 1.Әңгімеде жылдың қай мезгілі? 2.Әңгімеде не туралы? 3.Су торғайын кім сипаттап береді? 4.Су торғайы жемін қайдан табады?</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> <b>Міндеті:</b> Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну <b>Педагог жұмбақ жасырады.</b>  Қардай аппақ, мамықтай жұмсақ. Ол не? (Мақта) –Мақта жұмсақ, аппақ болады. Мақтадан киім дайындайды, көрпе жасайды.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> <b>Міндеті:</b> - Туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы айту  <b>Сөздік ойын:</b> <b>«Сұрақ-жауап»</b> – Сенің Отаның қалай аталады?</p>
--	---	--	--	---	--

	<p>балалар (д) дыбысын естігенде, қол шапалақтап, дыбыс берулері керек. [А, Б, Д, Т, Р, Б, Л, Д, Ш, Г, Д, Б, К, Д У, Д, С, Д, Ч, Б, Д, Я, Ы, Ф, Д, Б, З, Д, Й, Д, Ц, Д, Б.] Сол сияқты басқа да дыбыстармен ойнатса болады.</p> <p>Дидактикалық жаттығу: «Кім зейінді?»</p> <p>– Балалар, алдарыңа көк түсті төртбұрыш, үшбұрыш, көк, сары және қызыл дөңгелектерді алыңдар. Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбысты айтсам, көк төртбұрыштың, үнді дауыссыз дыбысты айтсам, көк үшбұрышты, ұяң дауыссыз дыбысты айтсам, көк, жуан дауысты дыбысты айтсам, сары, жіңішке дауысты дыбысты айтсам, қызыл дөңгелекті көтересіңдер.</p> <p>Мысалы: « а-, -й-, -ц-, -у-, -к-, -е-, -н-, -г-, -ш-, -щ-, -з-, -х-, -ф-, -ы-, -в-, -а-, -п-, -р-, -о-, -л-, -д-, -ж-, -э-, -я-, -ч-, -с-, -м-, -и-, -т-, -б-, -ю</p>	<p>– Мамандық иелерін ата?</p> <p>– Біздің Отанымыз қалай аталады?</p> <p>– Бөлмеде не бар?</p> <p>– Сыпайы сөздерді ата.</p> <p>– Таңертең не істейміз?</p> <p>– Апта күндерін ата. т.б</p>	<p>5. Су торғайын не үшін ғажап құсқа теңей</p> <p>Педагог әңгіме мазмұнын 5– 6 балаға қайталап айтып береді.</p> <p>–Балалар, құстар үй құстары және жабайы құстар болып екіге бөлінеді.</p> <p>–Әңгімедегі су торғай қандай құсқа жатады деп ойлайсыңдар? Қыстап қалатын құстар, жылы жаққа ұшып кететін құстар және жыртқыш құстар болып бөлінеді.</p> <p>–Жыртқыш құстарға қандай құстар жатады? Педагог балаларға суретін көрсетеді</p> <p>«Ш» дыбысын дұрыс естіп, ажыратуға арналған жаттығулар:</p> <p>1) Ша-ша-ша – шана.  Шу-шу-шу – шуда.  Шы-шы-шы – шыны.  Ше-ше-ше – шелек.  Ши-ши-ши – шие.  Шө-шө-шө – шөп</p> <p><b>Тіл ұстарту жаттығуы</b></p> <p>ша-ша-ша  Ойын сауық тамаша.  Суық ай ғой – қараша.</p> <p>шы-шы-шы  Әкем менің – аңшы.  ші-ші-ші  Ағам менің – әнші  Әпкем менің – биші  Көкем менің – күйші.</p>	<p>Бүгін біз мақта туралы Ыбырай Алтынсарин атамның «Бір уыс мақта» деген қызықты әңгімесімен танысамыз. Әңгіме болған оқиғаның желісі бойынша жазылады.</p> <p>Педагог әңгімені мәнерлеп оқып береді, мазмұнын түсіндіреді</p> <p>–Әңгіме қалай аталады?</p> <p>–Авторы кім?</p> <p>–Кішкентай қыз не істеп отырды?</p> <p>–Анасы қызына қандай ақыл айтты?</p> <p>–Қыз мақтаның қиқымын қайда лақтырды?</p> <p>–Оны не алып кетті?</p> <p>–Анасы оған не деді?</p> <p>–Әңгімені қалай аяқтауға болады?.</p>	<p>– Менің Отаным – Қазақстан.</p> <p>– Қай қалада (ауылда) тұрасың? (Қаласының, ауылының атын айтады).</p> <p>– Отанымыздың бас қаласын ата?</p> <p>– Отанымыздың бас қаласы – Нұр-Сұлтан.</p> <p>– Қазақстан қандай мемлекет?</p> <p>– Қазақстан – тәуелсіз мемлекет</p>
--	--	--	---	---	--




Үзіліс: .

**Тіл дамытуға арналған жаттығулардың мақсаты:**


Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету, тілін дамыту

**Шалқан:** Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: «**О...о...о!**» деп таң қалды. Кәне, бізде айтып



**Жыланның ысылы:** Жылан қалай дыбыстайды?

Ыы.....Ыы – с – сссс



Ыы – с – сссс



**Жүгіруге арналған ойын: «Қайда жасырылғанын тап»**

**Мақсаты:**

Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу

**Ойынның шарты:** Балалар бөлменің бұрышында тұрады.

Тәрбиеші жалаушаны тығатынын айтады. Балалар теріс қарап көзін жұмады, тәрбиеші жалаушаны тығып қояды да «болды», деген де балалар жалаушаны іздейді. Тапқан бала жалаушаны тығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.

**Жүгіруге арналған ойын: «Мысықтар мен балалар»**

**Мақсаты:** Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке, алғырлыққа тәрбиелеу.

**Ойынның шарты:** Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады.

Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады. Балалар «кис-кис», деп шақырады. Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады.



Ойын 2-3 рет қайталанады.



4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру, қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу</p> <p>«Қи қоңыз» ойын-жаттығуы. Еркін бағытта фитболдарды (доптарды) домалатуға жаттықтыру.</p> <p>Фитболдарды зал бойымен домалатып жүреді. Доптарды қатты итермейд</p> <p>Батпақ әлемі</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Төбешіктен-төбешікке».</p> <p>Ойыншылар еденге тақтайшаларды қойып, оның үстіне тұрады, сонан</p>	<p><b>Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Жыл мезгіліне салуда бере білу білігін бекіту</p> <p>- Ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу.</p> <p>- Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.</p> <p>- Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, мүмкіндік беру байланысты өзгерісті сурет</p> <p><b>Мақсаты:</b> - қар кесегі суреті н салу мүсіндеу, жапсыру, құрастыру</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею</p> <p>Шөл әлемі</p> <p>«Қи қоңыз» ойын-жаттығуы. Еркін бағытта фитболдарды (доптарды) домалатуға жаттықтыру.</p> <p>Фитболдарды зал бойымен домалатып жүреді. Доптарды қатты итермейді.</p> <p>Батпақ әлемі</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Төбешіктен-төбешікке».</p> <p>Ойыншылар еденге тақтайшаларды қойып, оның үстіне тұрады, сонан кейін екіншісі қояды. Осыдан кейін екіншісі тақтайшаға секіріп тұрады да, бірінші</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Міндеті:</b> - Шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b>  «Қосалқа» Дәулеткерей</p> <p><b>Ән айту:</b>  «Қыс қызығы» әні:  И.Нүсіпбаев</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> «Марш» (Е. Андосов)</p> <p><b>Билер:</b>  «Қоян биі» (В. Питерцев)</p> <p><b>Ойындар, хороводтар:</b>  «Кешікпе» орыстың х.э. (өңдеген М. Раухвергер)</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Міндеті:</b> Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету . -</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b>  «Көңілді балалар әні» (Б. Дәлденбай)</p> <p><b>Ән айту:</b> «Қыс қызығы» әні:  И.Нүсіпбаев</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b>  «Марш» (Е. Андосов)</p> <p><b>Билер:</b>  «Қоян биі» (В. Питерцев)</p> <p><b>Ойындар, хороводтар:</b>  «Кешікпе» орыстың х.э. (өңдеген М.</p>
--	---	---	---	---	--

	кейін екіншісін қояды. Осыдан кейін екінші тақтайшаға секіріп тұрады да, бірінші таяқшаны алып, оны алдыға тастайды. Осылайша залдың екінші шетіне дейін тақтайдан-тақтайға секіріп барады. «Теңіз шуы» үнтаспасын тындайды.		таяқшаны алып, оны алдыға тастайды. Осылайша залдың екінші шетіне дейін тақтайдан-тақтайға секіріп барады. «Теңіз шуы» үнтаспасын тындайды.		Раухвергер) :
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
<b>Серуен</b>	<i>Бақылау: Бұлтты бақылау. Мақсаты: Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы Тіреусіз тұрады. (Бұлт). Еңбек: Көшедегі қар жинаушы машиналардың жұмысын бақылау. Мақсаты: Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту. Еңбекті дәріптей білуге үйрету. Бір халық аспанда ұшиқан, аяғы жоқ, Ұстаған қолдарында таяғы жоқ. Күніне талай жерге кетер кезіп, Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт Мақсаты: Балаларға бұлт туралы түсінік</i>	<b>Бақылау:</b> Мұзды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру. <b>Еңбек:</b> Тайғанақ жерге құм себу. <b>Мақсаты:</b> Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне берілген тапсырманы тиісінше орындауларын қадағалау. Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату. Жаңа жыл, жаңа жыл, Жаңа жылда-жаңа нұр. Жасыл шырша жанында Жадырап бар бала жүр. <b>Мақсаты:</b> Еске сақтау қабілетін дамыту, сөздерді	<b>Бақылау:</b> Ауа-райын бақылау. <b>Мақсаты:</b> Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. <b>Еңбек:</b> «Таза алаң». <b>Мақсаты:</b> Аула сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. <b>Ойын:</b> «Қасқыр мен қаздар». <b>Мақсаты:</b> Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. <b>Қимылдық ойын:</b> «Тымпи-тымпи».	<b>Бақылау:</b> Мұздақты бақылау. <b>Мақсаты:</b> Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету. <b>Еңбек:</b> Ағаш түптеріне қар үю. <b>Мақсаты:</b> Еңбекқорлыққа үйрету. Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру. <b>Жеке жұмыс:</b> Жұмбақ жаттату“ Отқа жанбас, Суға батпас” (мұз) <b>Мақсаты:</b> Мұз туралы түсінік беру. Жұмбақ жаттату арқылы сөздік қорын молату. Есте сақтау қабілетін дамыту. <b>Қимылдық ойын:</b> «Қазан».	<b>Бақылау:</b> Күнді бақылау. <b>Мақсаты:</b> Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. <b>Еңбек:</b> «Қыс қызығы». <b>Мақсаты:</b> Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне

	<p>қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту.  <i>Қим.ойын: «Мені қуып жет».</i>  <i>Мақсаты: Шапшаңдыққа үйрету. Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту.</i></p>	<p>қатесіз дұрыс айтуға үйрету.  <b>Ойын:</b> «Тышқан мен мысық».  <b>Мақсаты:</b> Шапшаңдыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету.</p>		<p><b>Мақсаты:</b> Бірлесіп ойнауға шақыру.  Балалардың көңілдерін көтеру.</p>	<p>құрметпен қарауға тәрбиелеу.  <b>Жеке жұмыс:</b>  Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды.   (Күн)  <b>Мақсаты:</b>  Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.  <b>Қимылды ойын:</b>  «Айгөлек».  <b>Мақсаты:</b> Денені шынықтыру, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.</p>
<p><b>Баламен жеке жұмыс</b></p>	<p>Саматов Диаспен дыбыс қою жаттығуын жасау.</p>  <p><b>С</b> дыбысын машықтандыруға арналған тақпақ</p>	<p>Таңжарық Темірланмен дыбысты қою жаттығуларын жасау.</p>  <p><b>Ш</b> дыбысын сөйлемде машықтандыру</p>	<p>Саматов Диаспен саусақ моторикасына арналған геокант ойындарын ойнату.</p>	<p>Мәлік Жансерікті үзік сызықтарды бастыруға дағдыландыру.</p>	<p>Мақсот Шұғыламен 1-5 сандарын цифрлап жазуға дағдыландыру</p>

<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>
--------------------------------------	--	--	--	--	---